








Құқық қорғау саласы жылды қорытындылады

Жаңақорған аудандық прокуратурасының бастамасымен «Құқық қорғау органдарының 2020 жылдың қорытындысымен атқарылған жұмыстарының есебі» тақырыбында кеңейтілген мәжілісте аудан прокуроры осы мәселені басты назарға алды.

Жиынға аудан әкімі Руслан Рүстемов төрағалық етті. Алдымен прокурор Дарын Елтайұлы баяндама жасады. Біз баяндамадан не түйдік? Осыны сөйлетсек, ең бірінші жоғарыда айтқандай арыз-шағым көп. Бұл жөнінен біздің аудан өңірде көш бастап тұр. 2019 жылы қылмыс 554 болса, биыл 300-ге қысқарған.

– Жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен 41 өтініш жер мәселесіне байланысты. Одан бөлек, медицина мен білім саласында да кемшіліктер бар. Арыз-шағымдардың басым көбі аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің қызметіне байланысты орын алды. Әсіресе зағип жандардың өтініші өзекті деуге болады. Сол секілді, Аманкелді көшесінің бойындағы жолақты сызықтарға байланысты тұрғындар арасында көп түсініспеушілік орын алуда. Осыны ертерек қолға алған жөн болар, – деді Дарын Әбіш.

Аудан прокуроры баяндамасында өңірдегі қоғамдық саяси ахуал тұрақтылығын қамтамасыз ету, Covid-19 індетінің таралуын болдырмау және алдын алу, кәсіпкерлікті қолдау, жұмыспен қамту, жер беру, денсаулық сақтау, азаматтарды әлеуметтік қорғау және білім беру саласы бойынша жергілікті атқару және құқық қорғау органдарында орын алған кемшіліктерге тоқталып, нақты ұсынысын жеткізді.

Келесі кезекте аудандық соттың төрағағы Әлия Түбекбаева сотта қаралған қылмыстық, әкімшілік және азаматтық істер жөнінде тоқталып, жаңадан қабылданған заңнамалар, оларға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды түсіндірді.

– Биыл белең алған қылмыстың бірі есірткі бизнесі және жылдағыдан істі болып, темір торға қамалғандар саны артты. Былтыр сыбайлас жемқорлық бойынша былтыр 4 іс орын алса, биыл 1 іс тіркелді. Барлық істер мемлекеттік қызметкерлердің қатысуымен орын алды. Сыр өңірі бойынша көлікті масаң күйде басқару бойынша да көштің басына шықтық. Жаңа заң өзгерістеріне байланысты ішіп ұсталғандар 15 тәулікке қамалып, көлік басқару құралынан 7 жылға дейін шеттетіледі. Солай бола тұра, әкімшілік іс тоқтайтын емес. Алимент өндіру бойынша да азаматтық істер азаймай тұр, – деді сот төрағасы.

Соңғы болып аудандық полиция бөлімінің бастығы Ғани Тұрсекеев аудан көлемінде орын алған заң бұзушылықтар және алдағы жылы атқарылатын бастамаларға тоқталды.

Ғани Асанұлы жекелеген қылмыс түрлерінің саны артуының негізгі себептерін атады. Әсіресе әлеуметтік желі арқылы алаяқтыққа жол бергендер көбейді. Яғни карантин режимін пайдаланып, оңай олжаға кенелуді ойлаған алаяқтар арамыз жүр.

Кеңейтілген кеңестегі баяндамашылардың ұсыныс-пікірлері ескеріліп, хаттамалық шешіммен рәсімделді. Аудан басшысы алдағы кезеңде «құқық бұзушылыққа мүлдем төзбеу» қағидасын ұстанып, жүйелі жұмыс жүргізуді тиісті орынбасарлары мен бөлім басшыларына тапсырды.

– Қазақ ұлты ұят, обал, сауап деген ұғымдардың қадір-қасиетін терең түсінген. Дала демократиясына негізделген құндылықтарды қайта жаңғыртып, рухани жаңару керек. Қазір ақыл айтатын аға буын, бата беретін ақсақалдарымыз азайып барады. Барды бағалай білейік, қылмыстың көбейіп, ауызбіршіліктіңтің азаюы осыдан, сондықтан телі мен тентекті тезге салатын кез келді. Қоғам жылдам даму үдерісінде, біз бәсекеге ілесу жолында болуымыз шарт. Ол үшін елдегі алауыздықты азайтып, қайта бірлікті байытып, әсіресе мемлекеттік қызметкерлер өз жұмысына ұқыпты қарауы міндет. Алдағы уақытта осындай олқылыққа жол бермеуіміз керек, нақты жүкті көтере біліңіздер, – деп сөзін түйіндеді Руслан Рүстемұлы.

Жиын соңында сала басшылары мен қызметкерлер марапат биігінен көрінді. Атап айтқанда, аудан әкімінің «Алғыс хаты» аудандық полиция бөлімінің әкімшілік полиция инспекторы Сұлтанахмет Абуов пен криминалды полиция бөлімшесінің бастығы Еркебұлан Битабаровқа, төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері Мұхтар Белсенбаев, №14 өрт сөндіру бөлімінің қызметері Мұташ Ернарға табысталды.

Аудан прокуроры Дарын Әбішке, полиция бастығы Ғани Тұрсекеевке, төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Берікбай Омаровке аудан басшысы алғыс білдіріп, қызметте табыс тіледі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жаңақорған кенті әкімшілігінде, 2020 жылы 24 желтоқсанда сағат 10.00-де аты жоқ көшелерге, атау беру жөнінде жергілікті қауымдастық отырысының өткізілгенін хабардар етеді.

Қосымша:хаттама көшірмесі қолма-қол және электронды түрде жолданады.

Жаңақорған кентінің әкімі Е.Сейлов

ДАУЫС БЕРУ КЕЗ-КЕЛГЕН УАҚЫТТА АЯҚТАЛУЫ МҮМКІН САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІ ТУРАЛЫ **ХАБАРЛАМА**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 38-бабы 3-тармағына сәйкес дауыс беру кез-келген уақытта аяқталуы мүмкін сайлау учаскелері:

23	338	Жаңақорған ауданы , Жаңақорған кенті, Майлин көшесі, 32, "Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Жаңақорған аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік қоммуналдық кәсіпорны
24	342	Жаңақорған ауданы, Байкенже ауылы, Байкенже көшесі нөмірсіз, «Хорасан-1» кеніші, «Қызылқұм» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі,
25	343	Жаңақорған ауданы, Кейден ауылы, «СКЗ-U» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
26	368	Жаңақорған ауданы, Шалхия кенті, М.Шоқай көшесі №32,»Шалхия Цинк ЛТД» акционерлік қоғамы

Жаңақорған аудандық сайлау комиссиясы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Жаңақорған ауданының мәслихаты, мәслихаттың 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №615 шешімімен төмендегі учаскелік сайлау комиссияларының құрамдарына келесі тұлғалар сайланғанын хабарлайды: №323 (Қандөз ауылы) -Толеубеков Еркебұлан Бейсенович, №337 (Жаңақорған кенті) - Тұрсынбаев Ердәулет Ержанұлы».

Жаңақорған ауданының мәслихаты

МҰРАГЕРЛІК КУӘЛІК АЛЫҢЫЗ

Қазақстан Республикасының «Нотариат» туралы заңының 60-бабы негізінде

Қызылорда нотариаттық аймағының нотариусы Әлайдар Әбушахма Өсербайұлы, 16.07.2003 жылы ҚР ӘМ берген №0001505 Мемлекеттік лицензиясы негізінде әрекет етуші, 2017 жылы 30-маусымда қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Суттіқұдық ауылында тұрған азамат Айдарбеков Сүйінбай Абылбекұлының, 2018 жылы 06-шілдеде қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Төменарық ауылында тұрған азамат Бимұратова Тұрсынкүлдің, 2020 жылы 25-қазанда қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кентінде тұрған азаматша Султанова Гульжанар Султановнаның атынан мұралық істің ашылғандығын хабарлайды.

Мұрагерлері болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Аманкелді көшесі, №134 ғимарат. Тел: 8(72435) 22 5 55, 8 775 418 45 55.

***

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының жекеше нотариусы Ержанова Ботагоз Таженовна,

30 мамыр 2020 жылы қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Байкенже ауылы, Октябрь Жарылғапұлы көшесі 7 үйде тұрған азамат Дәрібаев Әділханның атынан мұралық істің ашылғандығын хабарлайды.

Мұрагерлері болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Хорасан Ата даңғылы 160 Б.

Тел: 8(72435) 24 9 36, 8 701 288 6136.

***

Қазақстан Республикасының «Нотариат» туралы заңының 60-бабы негізінде

Жаңақорған ауданының жеке нотариусы, Әлайдар Әбиболла Әбушахмаұлы, 17.04.2014 жылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеу қызметі және құқықтық қызмет көрсету комитетімен берген №14005294 мемлекеттік лицензия негізінде әрекет етуші, 2020 жылы 19 қыркүйекте қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Аманбай Шонабаев көшесі №27 үйде тұрған азамат Примкулов Пернебайдың атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

Мұрагерлер болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Хорасан-ата даңғылы №6 үй, тел.: 87018317444, 87776497444, жұм тел: 21-1-12 .

«Байкен-U» ЖШС «Харасан-2» кенішініңэкологиялық қызметі туралы мәлімет

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 128 бап 7 тармағына сәйкес, кәсіпорындардың экологиялық қызметі және халықтың денсаулығы үшін қатер туралы жұртшылықты хабардар ету мақсатында тоқсан сайын «Байкен-U» ЖШС «Харасан-2» кенішінде жүргізілетін өндірістік экологиялық бақылаудың нәтижелерін үздіксіз газет беттеріне жариялап отырады. Өндірістік зкологиялық бақылау арнайы аккредитацияланған лабораториясы, рұқсаты бар мекемемен келісім келісімшарт негізінде жүргізіледі.

Сонымен қатар, радиациялық бақылау кезеңдік өлшем уақыты сақталынып, тоқсандық ақпарат жасалынып, бақылау органдарының сұранысы бойынша керекті ақпарат Серіктестікпен жіберіліп отырады.

2020 жылдыңIV тоқсанындағыөндірістік зкологиялық бақылау есебінің нәтижелері бойынша ластаушы заттардың атмосфераға шығындыларының, ластаушы заттардың төгінділерінің, топырақ құрамындағы ластаушы заттардың және радиациялық өлшемдердің санитарлық қорғау аймағында рұқсат етілен шекті нормативтерден аспайтыны төмендегі кестелерде көрсетілген.

№ 1 кесте

Атмосфералық ауа

Бақылау нүктелерінің №	*Ластаушы заттардың аталары*	*Нақты бақылау нәтижесі (мг/дм³) IVтоқсан 2020жыл*	*Белгіленген норматив (рұқсат етілген шекті норматив), мг/м³*	*Экологиялық ахуалды ақсарту және бұзушылықтарды жою жөніндегі ұсыныстар*
1	*2*	*3*	*4*	*5*
1 (Санитарлық-қорғау аймағы)	Азот диоксиді	0,0198	0,2	Бұзушылықтар жоқ
	Азот оксиді	0,0578	0,4	
	Көміртек	0,0193	0,15	
	Күкірт диоксиді	0,0	0,5	
	Көміртегі оксиді	0,0	5,0	
	Күкірт қышқылы	0,0	0,3	
	Шаң	0,0	0,3	
2 (Санитарлық-қорғау аймағы)	Азот диоксиді	0,0175	0,2	
	Азот оксиді	0,0797	0,4	
	Көміртек	0,0899	0,15	
	Күкірт диоксиді	0,0474	0,5	
	Көміртегі оксиді	0,0197	5,0	
	Күкірт қышқылы	0,0	0,3	
	Шаң	0,0	0,3	
3 (Санитарлық-қорғау аймағы)	Азот диоксиді	0,0284	0,2	
	Азот оксиді	0,064	0,4	
	Көміртек	0,0489	0,15	
	Күкірт диоксиді	0,0178	0,5	
	Көміртегі оксиді	0,0475	5,0	
	Күкірт қышқылы	0,0	0,3	
	Шаң	0,0	0,3	
4 (Санитарлық-қорғау аймағы)	Азот диоксиді	0,0	0,2	
	Азот оксиді	0,0668	0,4	
	Көміртек	0,0298	0,15	
	Күкірт диоксиді	0,0	0,5	
	Көміртегі оксиді	0,0196	5,0	
	Күкірт қышқылы	0,0	0,3	Бұзушылықтар жоқ
	Шаң	0,0	0,3	

№ 2 кесте

Су ресурстары, ағынды сулар

Бақылау орны	*Ластаушы заттардың аталары*	*Белгіленген норматив (мг/дм³)*	*Нақты бақылау нәтижесі (мг/дм³) IV тоқсан 2020жыл*	*Бұзушылық-тарды жою жөніндегі ұсыныстар*
1	*2*	*3*	*4*	*5*
Тазарту алаңдарының ағынды сулары	Жүзгін заттар	39,9	28,2	Бұзушылық-тар жоқ
	Аммонийлі азот	4,9	3,2	
	БПК $_5$ ОБТ - оттегін биологиялық тұтыну	40,0	29,1	
	СБАЗ - синтетикалық беттік әрекеттік заты	5,0	2,5	
	Хлоридтер	348,0	280,1	
	Сульфаттар	300,0	200,0	
	Нитриттік азот	3,3	0,27	
	Нитраттық азот	44,0	22,3	

№ 3 кесте

Радиациялық мониторинг

Бақылау нүктелерінің №	*Белгіленген норматив (мкЗв/ч)*	*Нақты бақылау нәтижесі (мкЗв/ч) IVтоқсан 2020жыл*	*Бұзушылықтарды жою жөніндегі ұсыныстар*
1	*2*	*3*	*4*
1(Санитарлық-қорғау аймағы)	0,3	0,11– 0,12	Бұзушылықтар жоқ
2 (Санитарлық-қорғау аймағы)	0,3	0,10– 0,15	
3(Санитарлық-қорғау аймағы)	0,3	0,11– 0,15	
4(Санитарлық-қорғау аймағы)	0,3	0,12– 0,14	

№ 4 кесте

Топырақ

Бақылау нүктелерінің №	*Ластаушы заттардың аталары*	*Белгіленген норматив (мг/кг)*	*Нақты бақылау нәтижесі (мг/кг) IV тоқсан 2020 жыл*	*Бұзушылықтарды жою жөніндегі ұсыныстар*
1	*2*	*3*	*5*	*7*
1 (Санитарлық-қорғау аймағы)	Мыс	Норматив белгіленбеген	0,07	Бұзушылық-тар жоқ
	Цинк		0,2	
	Сульфаттар		0,0021	
	Хлоридтер		0,15	
	Тығыз қалдықтар, %		0,091	
	Құрғақ қалдықтар, %		0,0088	
	pH		7,1	
2 (Санитарлық-қорғау аймағы)	Мыс	Норматив белгіленбеген	0,03	Бұзушылық-тар жоқ
	Цинк		0,0	
	Сульфаттар		0,0017	
	Хлоридтер		0,12	
	Тығыз қалдықтар, %		0,067	
	Құрғақ қалдықтар, %		0,0088	
	pH		7,0	
3 (Санитарлық-қорғау аймағы)	Мыс	Норматив белгіленбеген	0,0	Бұзушылық-тар жоқ
	Цинк		0,6	
	Сульфаттар		0,0012	
	Хлоридтер		0,08	
	Тығыз қалдықтар, %		0,077	
	Құрғақ қалдықтар, %		0,0050	
	pH		7,0	
4 (Санитарлық-қорғау аймағы)	Мыс	Норматив белгіленбеген	0,05	Бұзушылық-тар жоқ
	Цинк		0,5	
	Сульфаттар		0,0025	
	Хлоридтер		0,09	
	Тығыз қалдықтар, %		0,091	
	Құрғақ қалдықтар, %		0,0085	
	pH		7,1	

«Байкен-U» ЖШС
«Харасан-2» кенішінің
Өндірістік қауіпсіздік бөлімі